

КМҚК «Алпамыс» бөбекжай-бақшасы

«Сумен ойнаймыз»



«Бал бала» «Негеш» кіші тобы

Тәрбиешілер: Атабаева Ж, Таңқыбаева М

Қызылорда 2024 жыл

Тақырыбы: Сумен ойнаймыз.

Мақсаты: Балаларға сумен ойналатын ойындарды ойнату арқылы қызуғушылықтарын арттыру.

(Балалар таза ауаға бақша ауласына жалаң аяқ шығады)

Балалардың көңіл – күйлерін көтеру үшін «Бала балық» әнімен қимылдар жасату.

- Балалар біз жаңа қандай әуенмен қимылдар жасадық?
- Балықтар қайда тіршілі етеді?
- Сендер сумен ойнағанды жақсы көресіңдер ме?

Олай болса, бүгін біз сумен көптеген ойындар ойнаймыз қазір сендерге жемістердің бейнесі салынған трафареттер беріледі, оны жерге қойып, пластикалық бөтелкеден жасалған су бұрқақпен үстіне су себеміз. Трафаретті алғанда қандай жеміс бейнесі шыққанын сұрау.



Сол жеміс арқылы екі топқа бөліну. Алма және алмұрт тобы болып екіге бөлініп эстафеталық ойындар ойнаймыз



Қимылды ойын: «Кім жылдам?»

Мақсаты: Балалардың сумен ойнау арқылы қызығушылығын арттыра отырып, ептілікке, шапшаңдыққа баулу .

Ойын барысы: Екі топқа бөлінген балалар шелектегі суды түбі тесік ыдыс арқылы кедергілерден өтіп келесі ыдысқа жинау. Қай топтың ыдысындағы суы көп болса солтоп жеңімпаз.



Ойын: «Түрлі – түсті доптар»

Мақсаты: Балалардың сумен ойнау арқылы қызығушылығын арттыра отырып, ептілікке, шапшаңдыққа баулу .

Ойын барысы: су құйылған ыдыстаға түрлі – түсті доптарды қасықтың көмегімен алып өз топтарындағы ыдысқа салу .



Ойын: «Су толған шарлар»



Су толған шарларды өздерінің қалауымен аяқтарымен және қолдарымен жарып ойнау.

«Су бұрқак»

Арнайы атқылап тұрған су бұрқақтан жүгіріп өту.

